

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы сот төрағасы
Жақып Қажыманұлы Асановқа

Алматы облысы Еңбекшіқазақ
аудандық №2 сотының төрағасы
Ержан Калимолданович Байболовқа

Нотариалдық сенім хат негізіндегі өкілден **Ибраев Нұрболат Қасымбекұлы**
кәсіби заңгер

АЛҒЫС ХАТ

Мен Ибраев Нұрболат Қасымбекұлы заң кеңесшілер палатасының мүшесі болып табылымын, негізгі атқаратын қызметім Қазақстандықтардың заңды мүдделеріне қатысты құқықтық кеңес берумен айналысамын.

Менің сенім білдірушім Махамбетова Алия Ерсалатовна, Махамбетова Жазира Ерсалатовна, Махамбетова Бану Алтайқызын заң аясында қорғау мақсатында «АТФ Банк» АҚ мен Махамбетова А.Е., Махамбетова Ж.Е., Махамбетова Б.А., арасында жасалған 2010 жылғы 29 желтоқсандағы №P0284-1112-2010 банктік қарыз шарты бойынша негізгі міндеттеменің тоқтауына байланысты ипотеканы тоқтату туралы қарсы талап арызбен жүгінгенбіз.

Атталған соттың төрағалық етуші судьясы К.А Турысбаев сот отырысының хатшысы Ж. Айтбайдың қатысуымен ашық сот отырысында, жоғарыда көрсетілген талап арыз бойынша «WatsApp» құралдары арқылы №1941-21-00-2/81 санымен тіркелген азаматтық ісін қарап, сенім білдірушінің талаптарын толық көлемде қанағаттандырды.

Судья К.А Турысбаевтың төрағалығымен шығарған сот шешімін Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы өзгеріссіз қалдырды және Жоғарғы соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы бірінші инстанциядағы сот шешімі заңды екендігін растап құқықтық баға берді.

Осы аталған тұлғалар, сот мәжілісі барысында өздерін кәсіби маман ретінде тек қолданыстағы заңдардың нормаларын жан-жақты талдай отырып, өте сабырлы адам ретінде көрсете білді. Яғни судья К.А Турысбаев өзінің қарапайымдылығы мен сөйлеу шешендігі, біліктілігі мен әділ шешімін ерекше айтуға болады. Ал хатшы Ж.Айтбай адаммен сөйлесу кезінде әдептілігі, сыпайлығымен кіші пейілдігін ерекше атап өткім келеді. Бұл дегеніміз құқықтық мәдениеттіліктің жоғарғы дәрежесін көрсетеді.

Жоғарғыдағыларды негізге ала отырып Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық №2 сотының судьясы К.А Турысбаев және хатшы Ж.Айтбай шексіз алғысымды білдіремін және осы тұлғалардың заң талаптарына сәйкес марапаттауды сұраймын.

**Құрметпен,
Н.Қ Ибраев**

05.02.2022 жыл.